

## Қала әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 27 сәуірдегі N 353 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Петропавл қаласы Әділет басқармасының 2005 жылғы 9 маусымда N 13-1-9 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы 2010 жылғы 16 сәуірдегі N 432 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы 2010.04.16 N 432 Қаулысымен**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148-ІІ Заңының 31-бабы 1-тармағы 14) тармақшасына сәйкес қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қала әкімдігінің кейбір қаулыларына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) қала әкімдігінің 2002 жылғы 17 маусымдағы "Азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету Ережесін бекіту туралы" (2002 жылғы 27 маусымдағы әділет басқармасындағы мемлекеттік тіркеу N 683; 2002 жылғы 5 шілдедегі "Добрый вечер" газеті, Петропавл қаласы әкімдігінің 2002 жылғы 6 қыркүйектегі N 169, 2002 жылғы 1 қазандағы мемлекеттік тіркеу N 726 және 2003 жылғы 4 мамырдағы N 150, 2003 жылғы 5 маусымдағы мемлекеттік тіркеу N 940 қаулыларымен өзгерістер енгізілген.) N 98 қаулысында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қала әкімінің орынбасары (Т.Н.Құлжанова) "Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ (Н.Н.Кушталова) бірге заңнамамен белгіленген тәртіппен, ақылы қызмет көрсетуге келісім-шарт жасалған екінші деңгейдегі банкілер арқылы қаражаттарды аударумен әлеуметтік көмек тағайындалуын қамтамасыз ету тапсырылсын";

жоғарыда аталған қаулымен бекітілген, аз қамтамасыз етілген зейнеткерлерге 1-ші мамырдан 30-шы қыркүйекке дейін саяжайлық маусымға қала көлігінде жүруге әлеуметтік көмек көрсету Ережесінде:

2-тармақтағы "7" саны "11" санымен ауыстырылсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Көлікпен жүруге әлеуметтік көмекті төлеу, "Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі жасаған алушылар тізіміне сәйкес, заңнамамен белгіленген тәртіппен, ақылы қызмет көрсетуге келісім-шарт жасалған екінші деңгейдегі банкілер арқылы,

алушылардың жеке шоттарына қаражатты аудару арқылы жасалады";  
7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Аз қамтамасыз етілген зейнеткерлердің көлікпен жүрулеріне әлеуметтік көмектің қаржыландырылуы "Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек" 007-000 жіктеу қызметтік коды бойынша іске асырылады.

жоғарыда аталған қаулымен бекітілген "Туберкулезбен ауыратын азаматтардың емделу орындарына көлікпен барулары үшін әлеуметтік көмек көрсету Ережелерінде":

4-ші тармақтағы "Халық банкінің филиалдары" сөздер "заңнамамен белгіленген тәртіппен, ақылы қызмет көрсетуге келісім-шарт жасалған екінші деңгейдегі банкілер" сөздермен ауыстырылсын;

2) қала әкімдігінің 2004 жылғы 17 наурыздағы "Азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету Ережесін бекіту туралы" (2004 ж. 22.04. әділет басқармасындағы мемлекеттік тіркеу N 1222; 2004 ж. 14.05. "Добрый вечер" газеті.) N 154 қаулысында:

3-тармақ мынадай редакцияда мазмұндалсын:

"Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Н.Н.Кушталова) заңнамамен белгіленген тәртіппен, ақылы қызмет көрсетуге келісім-шарт жасалған екінші деңгейдегі банкілер арқылы, қаражаттарды алушылардың жеке шоттарына аударумен әлеуметтік көмектің тағайындалуын қамтамасыз етсін";

жоғарыдағы аталған қаулымен бекітілген, жалпы ауырғаны бойынша, еңбекте мертіккені себепті, кәсіби ауырғаны бойынша және туғанынан мүгедек І-ші және ІІ-ші топтағы мүгедектерге қала көлігінде жүруге (таксиден басқа) әлеуметтік көмек көрсету Ережесінде:

4-тармақтағы "Халық банкінің филиалдары" сөздері "заңнамамен белгіленген тәртіппен, ақылы қызмет көрсетуге келісім-шарт жасалған екінші деңгейдегі банкілер" сөздерімен ауыстырылсын;

"еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы" сөздер "Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі" сөздермен ауыстырылсын.

3) қала әкімдігінің 2004 жылғы 10 қыркүйектегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне әлеуметтік жеңілдіктердің жекелеген түрлерін беру Ережесі бекіту туралы" (2004 ж.18.10. әділет басқармасындағы мемлекеттік тіркеу N 1361; 2004 ж. 03.12. "Добрый вечер" газеті.) N 549 қаулысында:

жоғарыдағы аталған қаулымен бекітілген, Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне әлеуметтік жеңілдіктердің жекелеген түрлерін беру Ережесінде:

5-тармақтағы "Қазақстан Халық банкі" ЖАҚ сөздер "заңнамамен белгіленген тәртіппен, ақылы қызмет көрсетуге келісім-шарт жасалған екінші деңгейдегі банкілер" сөздермен ауыстырылсын;

"Петропавл қаласының жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы" сөздер "Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі" сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Т.Н.Құлжановаға жүктелсін.

*Қала әкімі*